

## Шиелі кенті, "Көкшоқы" мөлтек ауданынан атауы жоқ көшеге Сағынтай Есеновтың есімін беру туралы

Қызылорда облысы Шиелі кенті әкімінің 2009 жылғы 09 желтоқсандағы N 787 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Шиелі аудандық Әділет басқармасында 2010 жылы 21 қаңтарда N 10-9-102 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 3-тармағын басшылыққа алып, Аудандық ономастикалық комиссия мәжілісінің 2009 жылғы 18 қарашадағы N 2 х а т т а м а с ы н а с ә й к е с **Ш Е Ш Е М І Н :**

1. Шиелі кентінде қарасты "Айналайын" бала - бақшасының батыс бетіндегі атауы жоқ көшеге, облыстық және аудандық білім беру жүйесіне зор үлесін қосқан, елеулі еңбек сіңірген, еңбек ардагері болған Сағынтай Есеновтің есімі берілсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігі Шиелі кенті әкімінің 2010.12.28 N 1104 шешімімен.**

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды кент әкімінің орынбасары Түменов Ермаханға жүктелсін.

*КЕНТ ӘКІМІ*

*М. МОЛДАБАЕВ*